

Қазақстан қоры сәуір айы 2018 жыл

1.	К 621 Б-89	<p>Бұрынғы Семей сынақ полигонын қауіпсіз күйге келтіру жөніндегі ғылыми-техникалық және инженерлік жұмыстар кешенін жүргізу. Т.3. - Курчатов, 2017. - 600 б. : сурет. - Семей сынақ полигоны жабылуының 25 жылдығына арналады. - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.581-595. - ISBN 978-9965-675-93-5. - ISBN 978-601-7844-60-8 : 600т.00т.</p> <p>Үшінші томда 1991 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі кезеңде бұрынғы ССП аумағында орналасқан ҚР ҰЯО-ның эксперименталдық ғылыми базасы - «Байкал-1» ЗРК және ИГР ЗРК реакторлық кешендерінде орындалған ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелері ұсынылған. Радио белсенді қалдықтар мен ионды сәуле шығару көздерін жинау мен сақтаудың, БН-350 және ИГР реакторларының пайдаланылған ядролық отындарын сақтаудың, Ресейге ИВГ.ІМ және РА реакторларының жоғары байытылған ядролық отындарын шығарудың, ИВГ.ІМ және ИГР реакторларын төмен байытылған отынға конверсиялау мүмкіндігінің түйінді мәселелері шешілді, сондай-ақ атом техникасы және реакторлық материалтану объектілерінің қауіпсіздігі саласында тәжірибелік зерттеулер жүргізілді.</p>
2.	К 621 Б-89	<p>Бұрынғы Семей сынақ полигонын қауіпсіз күйге келтіру жөніндегі ғылыми-техникалық және инженерлік жұмыстар кешенін жүргізу . Т.1 / Н.Ә. Назарбаев, В.С. Школьник, Батырбеков, Э.Ғ. және т.б. - Курчатов, 2017. - Семей сынақ полигоны жабылуының 25 жылдығына арналады. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7844-58-5. - ISBN 978-601-7844-57-8: 314т.00т.</p>

		<p>Бірінші томда Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы 1994 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Америка Құрама Штаттарының және Ресей Федерациясының өкілдерімен бірлесіп атқарған бұрынғы Семей сынақ полигонын қауіпсіз күйге келтіру жөніндегі ғылыми-техникалық және инженерлік жұмыстар кешенінің нәтижелері ұсынылған. Жұмыстар барысында ядролық сынақтар жүргізу инфрақұрылымы жойылды, жаппай қырып-жоятын қарудың таралу қаупін азайту және полигон аумағындағы ядролық қызмет қалдықтарына қол жеткізудің алдын алу бойынша ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Таралу қаупін азайту жұмыстарының нәтижелері жоғары бағаға ие болды, ол туралы Қазақстан, Ресей және АҚШ Президенттерінің 2012 жылғы 27 наурызда Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитте бұрынғы Семей сынақ полигонындағы ынтымақтастыққа қатысты бірлескен мәлімдемесінде айтылды.</p>
3.	К 621 Б-89	<p>Бұрынғы Семей сынақ полигонын қауіпсіз күйге келтіру жөніндегі ғылыми-техникалық және инженерлік жұмыстар кешенін жүргізу . Т.2 / Н.Ә. Назарбаев, В.С. Школьник, Батырбеков, Э.Ғ. және т.б. - Курчатова, 2017. - 448 б. : сурет. - Семей сынақ полигоны жабылуының 25 жылдығына арналады. - Сыйға алынды. - ISBN 978-9965-675-93-5. - ISBN 978-601-7844-59-2 : 448т.00т.</p> <p>Екінші томда Семей сынақ полигонында (ССП) қалыптасқан және болжанатын экологиялық ахуалды сипаттайтын оның аумағындағы радиоэкологиялық жағдай туралы қазіргі заманғы деректер келтірілген. ССП-ның шартты «аялық» аумақтарының радиациялық жағдайына және оларды Қазақстанның халық шаруашылығында пайдалану мүмкіндіктерін бағалауға, сондай-ақ ССП-ға іргелес аумақтардың жай-күйіне ерекше</p>

		<p>назар аударылды. ССП аумағын дамытудың, оның ішінде пайдалы қазбалар кенорындарын әзірлеу көзқарасы тұрғысынан, сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыру үшін перспективалары туралы ақпарат келтірілген.</p>
4.	<p>K821.512.122 Ә-14</p>	<p>Әбдіраштың, Жарасқаны. Қалдырған ізің мәңгілік : Естеліктер, эсселер, арнау өлеңдер / Әбдіраштың, Жарасқаны; Құраст. Рүстем Әбдіреш. - Алматы : Mer-Press, 2018. - 248 б. - ISBN 978-601-03-0498-7 : 1414т.29т.</p> <p>Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, өлең сөздің хас шебері Жарасқан Әбдіраш жайлы белгілі әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының, қаламдас аға-інілерінің, дос-жарандарының, аяулы жары мен перзенттерінің жүрекжарды лебіздері мен ыстық сағынышқа толы естеліктері еніп отыр. Ақындық және азаматтық болмысы біте қайнасқан сан қырлы талант иесі, қайталанбас дара дарын Жарасқан Әбдіраштың шығармалары ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы болып қала береді.</p>
5.	<p>K355 Ж-26</p>	<p>Жантасов, Амангелді. Жартасты жастанған жасақ (Қара майордың мұсылман батальоны) = Второй мусульманский (Спецназ из Казахстана) / Жантасов, Амангелді. - Алматы : Хантәңірі, 2018. - 624 б. : 40 бет түрлі-түсті жапсырма. - ISBN 978-601-03-0521-2 : 2576т.48т.</p> <p>Бұл кітапта КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрылуы мен күнделікті өмірі туралы жазылған. 1980 жылдың қаңтарында Алматы облысы, Қапшағай қаласында құрылған, аты аңызға айналған Қара майор-Керімбаев, Борис Төкенұлы басқарған атақты "мұсылман батальоны" 1981 жылдың қазан айынан 1989</p>

		жылдың ақпанына дейін Совет әскерлерінің Ауғанстандағы шектелген контингенті құрамында болды.
6.	К 012 Ж-80	<p>Жұбанова Ғазиза Ахметқызы (1927-1993) = Жубанова Газиза Ахметқызы : Ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш / Құраст.:Ш.Б. Үсенбаева; ҚР Ұлттық кітапханасы. - Алматы, 2017. - 106 б. - ("Қазақстан өнері"). - Сыйға алынды. - Қазақ, орыс тілдерінде. - 106т.00т.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы «Қазақстан өнері» библиографиялық сериясы аясында композитор, педагог, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері, профессор Жұбанова Ғазиза Ахметқызының 90 жылдық мерейтойына арнап ұсыныстық библиографиялық көрсеткішті дайындап шығарды. Көрсеткіште 1954 жылдан 2017 жылдың қараша айына дейінгі баспа бетінде жарық көрген басылымдар қамтылды. Көрсеткіштің бірінші жартысына қазақ тіліндегі, екінші жартысына орыс тіліндегі әдебиеттер жинақталды.</p>
7.	К 323 К-635	<p>Коммуникативная политика Республики Казахстан: современное состояние и перспективы развития : Монография / Ж.К. Медеуов, Р.А. Кудайбергенов, Каппаров, К.Н. и др.; Под ред. Е. Ж. Бабакумарова; Ин-т Евразийской интеграции. - Астана : Ин-т Евразийский интеграции, 2017. - 348 с. : ил. - Библиогр.: с.325-344. - ISBN 978-9965-31-910-5 : 15755т.00т.</p> <p>Издание посвящено анализу, стратегиям дальнейшего развития коммуникативной политики в контексте Послания Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана: «Третья модернизация: конкурентоспособность в</p>

		глобальном мире» и программной статьи Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой рассматриваются актуальные вопросы, касающиеся процессов модернизации коммуникативной политики, в том числе сквозь призму Евразийской интеграции.
8.	К 780 Қ-67	<p>Қосбасаров, Базархан. Қобыз өнері : Музыка оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы / Қосбасаров, Базархан. - Қайта қарап толықтырылған екінші басылым. - Алматы : Айғаным, 2018. - 172 б. : нота. - ISBN 978-601-03-0528-1 : 1885т.72т.</p> <p>Автор өзінің көп жылғы ұстаздық және қобызшы ретінде жинақтаған тәжірибесін осы кітап арқылы беріп отыр. Қобыз үйрену қыр-сыры, оған берілетін әдістемелік кеңестер, оң қол мен сол қол саусақтарының аспапқа қалыптасуы, саз сарынына лайықты үннің шығуы, қобыздың ұлттық нақышы мен жалпы табиғаты жайында лайықты дәріс беріледі, сондай-ақ кітаптан қобыз өнерінің ірі өкілдері туралы мол деректер табасыз. Оқу құралында халық күйлері, халық композиторларының шығармалары мен Қазақстан композиторларының қобыз күйлері дәстүрінде жазылған бірқатар еңбектері еніп отыр. Кітап музыка оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жалпы өнер сүйер қауымға арналады.</p>
9.	К 338 М-85	<p>Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы. "Бір белдеу, бір жол" жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы : Монография / Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті , 2017. - 152 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-04-3191-1 :</p>

		<p>152т.00т.</p> <p>Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) сабақтасуы барысында орын алып отырған өзекті мәселелерді саяси талдауға арналған. Әлем елдерін бірлесе дамуға шақырып, халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бастама жасап отырған ҚХР мен ЕАЭО мүше-елдерінің қарым-қатынастары қарастырылады. «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде жүзеге асуда. Мұндай біріккен халықаралық жобаның мәселелерін талдап, келешегін болжаудың маңызы зор. Монография студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, кәсіпқой саясаттанушыларға, геосаяси мәселелерге қызығушылық танытатын әуесқойларға арналған.</p>
10.	К 338 М-85	<p>Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы. Еуразиялық экономикалық одақ: мәселелері мен келешегі : Монография / Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті , 2018. - 212 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-04-3093-8 : 212т.00т.</p> <p>Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография Еуразия кеңістігіндегі жаңа өңірлік бірлестік - Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы мен қызмет етуі барысында орын алып отырған өзекті мәселелері саяси талдауға арналған. Посткеңестік елдерді ынтымақтастыққа шақырып, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа дамытуға, күш салып келе жатқан Қазақстан Республикасының ЕАЭО құрылуындағы рөлі, тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың еуразияшылдық идеясын жаңғыртып,</p>

		экономикалық одақ түрінде шынайылыққа айналдырудағы саяси қызметі қарастырылады.
11.	K821.512.122 С-63	<p>Соқпақбаев, Бердібек. Таңдамалы : Роман, хикаяттар, әңгімелер / Соқпақбаев, Бердібек. - Алматы : Қазақпарат, 2018. - 1116 б. : сурет. - (Әдебиет әлемі). - ISBN 978-601-03-0494-9 : 7128т.00т.</p> <p>Қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі көркемсөз шебері Бердібек Соқпақбаевтың таңдамалы шығармалар жинағына «Өлгендер қайтып келмейді» романы, кезінде қалың оқырман қауымның жылы бағасын алған «Қайдасың, Гауһар?», «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым - Қожа» т.б. хикаяттары еніп отыр. Сонымен бірге кітаптан автордың қаламынан шыққан бір топ әңгімелері, жазушы өмірінің әр кезеңдегі сәттерін бейнелейтін құнды фотосуреттер орын алды. Қазақ әдебиетінде айшықты із қалдырған атақты қаламгердің асқақ рух пен асыл адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын өшпес туындылары рухани игілікке айналып халқымен бірге жасап келеді.</p>
12.	K 316 С-691	<p>Социальная модернизация Казахстана : Коллективная монография / Г.С. Ныгметов, М.М. Шибутов, Кадыржанов, Р.К. и др.; Под ред. Е.Ж.Бабакумарова; Ин-т Евразийской интеграции. - Астана : Ин-т Евразийской интеграции, 2017. - 368 с. : ил. - Библиогр.: с.348-357. - ISBN 978-9965-31-911-2 : 12766т.00т.</p> <p>Коллективная монография посвящена вопросам социальной модернизации в контексте программной статьи Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой анализируются социально-политические процессы в Казахстане, перспективы дальнейшего</p>

		развития гражданского общества, роль политических и гражданских институтов в формировании и укреплении общественного сознания.
--	--	--